Álıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOĞAI AJARY

Aqtoǵaı aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylym

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№43 (7880)
Жұма
28 қазан
2022 жыл



Жолдау мұраты – ел мүддесі

## Отаншыл жастары жоқ елдің – болашағы қараңғы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын мұқият тыңдадық. Онда Мемлекет басшысы көптеген өзгерістер орын алатынын айрықша атап айтты. Әсіресе, білім саласына қатысты айтқан бастамаларына риза болдым.

Өйткені, көптеген жылдан бері шәкірт тәрбиелеп келе жатқан ұстаздар қауымы үшін осындай тың бастамалар өте қажет. Жұмыстың сапасы артып, мәртебеміз көтеріліп, өскелең ұрпақтың білімді әрі жан-жақты болуына жол ашылады. Елдің ертеңіне ие болатын жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі өте маңызды. Сондықтан, Президент Жолдауда айтқан дүниелерін ұстаздар қауымы қолдайтынына бек сенімдімін.

«Мемлекет білім беру гранттарын бөлуді жоспарлап отыр, олар ҰБТ нәтижелері мен өзге де көрсеткіштерге байланысты мөлшері бойынша 30-дан 100%-ға дейін сараланады. Оқуға жылдық 2-3% жеңілдікпен кредиттер де берілетін болады. Көрсетілген шаралар жоғары білімді неғұрлым қолжетімді етеді, сондай-ақ қоғамда әріптестік пен өзара жауапкершілік идеологиясын нығайтады», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Грант санының көбеюі мектеп бітірген түлектердің оқуға түсуіне, қалаған мамандығының иесі атануына көбірек мүмкіндік туғызады. Жастарды қолдау, олардың әлеуметтік тұрғыда қамқорлықты сезіне алу мүмкіндіктеріне «Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжінде» барынша жағдай жасалған деп айта аламыз. Оқу орнындағы оқу үрдісі әлеуметтік, тәрбиелік бағыттағы іс-шаралармен сабақтастықта біте қайнасқан. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» дейді халық даналығы. Мемлекет осылай білім алуға жағдай жасаса, жастарымыз да сол қамқорлықты сезініп, сапалы білім алып, ертең еліне адал еңбек етіп, соны еселеп қайтарары хақ.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Жолдауында ел жастарын жұмыспен қамту қажеттігін баса айтты. Ел ертеңі – білімді де білікті жастардың қолында. Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Ендеше, жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамын өрге бастыра алады. Жаңа заман, тәуелсіз ел мұраты жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр.

Президентіміз Жолдауы арқылы жастар еңбек еткенде ғана қоғамды өрге бастыра алатындығын нақты айтты. Отаншыл жастары болмаған елдің болашағы қараңғы. Олай болса, бүгінгі жастарымызға көрсетілген қамқорлық, ол еліміздің ертеңгі болашағына жасалған қамқорлық болмақ.

**Н.Қауазов,**
**Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі директорының оқу өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары.**




### *Ақтоғай ауданының Әлеуметтік сала қызметкерлері!*

Сіздерді кәсіптік мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл – кәсіби мереке, жыл сайын қазан айының соңғы жексенбісінде әлеуметтік қызметкерлер күні аталып өтеді. Әлеуметтік сала еліміздегі ең өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бүгінгі таңда қоғамда болып жатқан оқиғалар осы әлеуметтік мәселе төңірегінде туындап жататыны шындық. Бүгін осындай көзге көріне бермес, қиындығы көп жұмысты еңсеріп жүрген жандар, сіздердің еңбектеріңіз еліміздегі әлеуметтік саясатты оңтайлы жүзеге асыруға мүмкіндік беруде. Бұл да адам құқықтары мен қоғамдық тұрақтылықтың сақталуының бір көрінісі. Аталған саланың басты құндылығы – кәсіби деңгейі жоғары, адамгершілік ізгі қасиеттерді бойына сіңіре білген қызметкерлердің, көмекке зәру қарттарға, жетімдер мен мүгедектерге қол ұшын созуға әрқашан әзір болуы. Адамдар бойындағы сенім, мейірім мен әділеттілік қасиеттерін одан әрі нығайтудың маңызы зор. Ұдайы даму үстіндегі қоғамымызға сіздердің жылдар бойы қажырлы еңбектеріңіз бен әр күн сайын атқарып келе жатқан бұл жұмыстарыңыз үлкен құрметке лайық.

Құрметті сала қызметкерлері, сіздерді келіп жеткен мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақыт тілейміз. Ел игілігі жолында жаңа табыстарға жете беріңіздер!

**Аудан әкімі**
**С.Әбеуова**

**Мәслихат хатшысы**
**Р.Әбеуов**

## ҰЛТТЫҚ мереке ұлықталған күн

Егемендігімізді екшеп, азаттығымызды айшықтаған айрықша күннің бірі – Республика күні. Аталмыш дата араға жылдар салып, күнтізбедегі мерекелік күндердің қатарына қайыра енді. Осынау айтулы күннің иесі қазақ баласы үшін мән-маңызы орасан зор.

Қазан айының 21-інші жұлдызында Республика күніне орай аудандық мәдени-бос уақыт өткізу орталығында мерекелік іс-шара болып өтті. Шараға аудан әкімі С.Әбеуова мен аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме, бөлім басшылары және ауыл тұрғындары мен қонақтар қатысты. Әуелгіде еліміздің Әнұраны шырқалып, концерттік бағдарламаның шымылдығы түрілді. Келесі кезекте өңір басшысы С.Әбеуова мінберге көтеріліп, барша ақтоғайлықтарды айшықты мерекемен құттықтады.

– Құрметті жерлестер, қадірменді қонақтар! Баршаңызды 25 қазан – Республика күні ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Әмбеңізге аян, 1990 жылы 25 қазанда мемлекеттің егемендігі туралы Декларация қабылданды. Онда тұңғыш рет аумақтардың тұтастығы бөлінбейтіндігі және татулығы, Қазақстан халықтары мен олардың тілдерінің мәдениетін дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту сияқты мемлекеттің қағидалары бекітілді. Тәуелсіз еліміздің тарихы осынау күннен бастау алады. Сондықтан да, бұл күнді ұлттық дәрежедегі мереке ретінде бекіту өте маңызды қадам болып табылады.

Бұл күн жас мемлекетіміз үшін – біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар, өткенге деген тағзымды салауат пен болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі болмақ.

Құрметті аудан тұрғындары, құрметті жиналған қауым! Азат та озат ел болуды мақсат тұтқан еліміз Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп, абыройын асқақтататын, білім мен білік жолында аянбай тер төгіп, еліміздің баянды болашағына ықпал жасау – баршамыздың Отан алдындағы борышымыз. Ендеше, әрқашан да әрқайсымыздың отбасымыздан бастау алатын, кең-байтақ ұлы Отанымыздың іргесі берік болғай. Республика күні құтты болсын, көк аспанмен астасқан көк туымыз әрдайым биікте желбіресін! – деді С.Әбеуова.

Сондай-ақ, әр салада талай жыл табан аудармай қызмет етіп келе жатқан бір қауым аудан тұрғындарына өңір басшысы С.Әбеуова облыс әкімінің Құрмет грамотасын, аудан әкімінің Құрмет грамотасы мен аудан әкімінің Алғыс хатын табыстады.

Салтанатты шараның соңын ала ауданымыздың күміс көмей, жез-таңдай әншілері, «Тоқырауын толқыны» ансамблінің белді мүшелері А.Жақыпбекова, Б.Мақшонова, Т.Жұмашев әннен шашу шашып, мың бұралған «Балбырауын» би тобы өз өнерлерін паш етті.

**Е.Темірханұлы.**

# «Балдәурен» байқауында бақ сынасты

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев үстіміздегі жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Бұл дегеніміз – биыл жас буынның тәрбиесі мен біліміне баса мән беріледі деген сөз. «Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың елеулі тақырыбы. Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Кез келген халық ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, болашағы деп біледі. Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті түрде көреді», – деді Қ.Кемелұлы.

Ел президентінің бастамасымен «Балалар жылы» болып бекіген биылғы жылы өскелең ұрпақтың игілігі үшін ілкімді істер қолға алынып, жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Және де бастама біткеннің барлығы құр сөз, құрғақ желеумен емес, тұщымды да ауқымды түрде өтуде.



Мәселен, 28-қазан күні аудан орталығындағы Ақтоғай мәдени-бос уақыт өткізу орталығының ұйытқы болуымен балалар арасында әртүрлі жанрдағы «Балдәурен» ән байқауы болып өтті. Шараның шымылдығын халықаралық, республикалық, облыстық ән байқауларында жүлделі орындарды қанжығалап жүрген «Әуен» ансамблі әуезді әнмен түріп берді. Бұл арадағы негізгі мақсат – балалар бойындағы шығармашылыққа деген талпынысын арттырып, олардың дамуына қолдау көрсету, дәстүрлі ән мен ұлттық күйді дәріптеп, би өнерінің кең ауқымда өрбуіне атсалысу болып табылады. Сондай-ақ, ұлтымыздың мәдени өнер саласындағы жетістіктерін насихаттап, оның өркендеуіне ықпал жасау және балалардың бойында музыкалық-эстетикалық тәрбиені жетілдіру, олардың шеберлігін арттыру шараның негізгі жетістігі болып табылмақ. Байқау 3 жанр бойынша, яғни, эстрадалық вокал, аспапта ойнау, дәстүрлі ән сайыстары бойынша өтті. Ән додасына ауданымызға қарасты әр ауылдық округ пен кенттерден келген бас-аяғы 16 бала қатысып, бақтарын сынға салды. Жас ерекшеліктеріне қарай 8-10 жас аралығындағы бүлдіршіндер бірінші болып өнер көрсетсе, келесі кезекте 11-14 жас аралығындағы балдырғандар әннен шашу шашты.

Жас өскіндердің өнері вокалдық ерекшеліктері, музыканың кәсіби деңгейде өңделуі, актерлік шеберлігі, сахналық киім үлгісіне және ұлттық аспапта ойнау шеберлігі мен дәстүрлі әндегі дыбыс ұзақтығындағы орындаушының дауыс ырғағының кеңдігіне қарай бағаланды. Өнерпаздардың аяқ алысын бағып, бағасын берген қазылар алқасының құрамында Ақтоғай мәдени-бос уақыт өткізу орталығының «Тоқырауын толқыны» халықтық ән-би ансамблінің көркемдік жетекшісі Ә.Имашев, Ақтоғай халық театрының режиссері Н.Жақанбаев, Ақтоғай өнер мектебінің ұстаздары, домбыра сыныбының мұғалімі М.Сейсенбеков пен вокал сыныбының мұғалімі Р.Ақбасова және мақала авторы болды. Сайыс соңынан қатысушылардың өнерін саралай келе, жеңімпаздар анықталды. Нәтижесінде 8-10 жас аралығында «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша жүлделі I орынды Алтынай, Күмісай Бақытжанқызы (Ақтоғай) ие болса, II орын Белғазы Рауан (Ақтас) мен Кәусар Нығыжанға (Қуаныш) бұйырды, ал, III орын Айзере Шералы (Тораңғалық), Нұрасыл Дамият (Шашубай) еншісіне тиді. Сондай-ақ, жоғарыда аталған осы аталым бойынша 11-14 жас аралығында Аянат Төлеутай (Сәуле) өзгелерден оза шауып I орынға шықса, Айзере Медет (Ақтоғай) пен Айдар Базарәлі (Сарытерек) II орынға ие болды және Ләззат Мәжит (Ақтоғай) пен Іңкәр Жарқынқызы (Тораңғалық) III орынға табан тіреді. Сонымен қатар, «Дәстүрлі ән» аталымында Думан Базылкәрім (Шабанбай би) және «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша 8-10 жас аралығындағы Батырлан Сатыбалды (Шашубай) мен 11-14 жас аралығындағы өнерпаздар арасында Арнұр Сәттібай (Қызыларай) I орын алды. Жас өнерпаздардың ынтасын ашу ниетінде Жұлдызай Мақсатқызы (Шабанбай би), Олжас Қанағатұлы (Ақжарық), Нұрдәулет Совет (Қызыларай) Алғыс хатпен марапатталды. Байқауға қатысқан барлық өнерпазға бағалы сыйлықтар тарту етілді.



*«Ауыл Береке-2022»*

# Астана төрінде – ақтоғайлықтар

Үкімет тарапынан жеке кәсібімді ашып, шаруашылығымды дөңгелетемін деген жандарға көптеген жеңілдіктер қарастырылған. Оны шаруашылығының жүгін көтеріп жүрген жандар жақсы біледі. Бір ғана мысал, өзіміздің ауданда жыл санап шаруа қожалықтарының саны артып келеді. Бұрын бос жатқан жерлер мемлекет меншігіне қайтарылып, тиімді пайдаланамын деген жұртқа ұзақ жылдық мерзімге жалға беріліп жатыр. Десе де, жыл өткен сайын сол ашылған кәсіптің нәсібін көру қиындап барады.




Осы секілді түйткілдің түйінін тарқатып, тауар ұсынушы мен тұтынушының арасындағы тепе-теңдікті ұстау үшін үнемі әр алуан жәрмеңкелер болып өтеді. Күз мезгілі егінжайдың пісіп, төрт түліктің толысатын уақыты. Тиісінше алыс-берістің, сауданың нағыз қызатын кезі – осы шақ. Күні бүгінге дейін бір ғана аудан орталығының өзінде бірнеше мәрте жәрмеңке ұйымдастырылып, жұртшылық ауыл шаруашылығы өнімдерін пышақ үсті бөліп алды.

Қазан айының 22-ші жұлдызында ауданымыздың бір қауым шаруа қожалығының жетекшілері артынып-тартынып елордаға барып, «Ауыл Береке-2022» жәрмеңкесінің шеңберінде өз өнімдерін астаналық ағайынға саудалап қайтты. «Астана Арена» спорт кешенінде өткен іс-шараға ауданымыздан барған 9 ауылдық округ қатысты. Атап айтар болсақ, Айыртас ауылдық округінен «Үмбет» шаруа қожалығынан А.Абдрахманов 2 бас ірі қара – 450 кг. Қусақ ауылдық округі «Мейрам» шаруа қожалығынан Ж.Тажкеев бір жылқы – 200 кг, 6 бас қой – 150 кг, «Екпін» шаруа қожалығы 1 бас жылқы – 180 кг, 1 ірі қара – 300 кг, 12 бас қой – 300 кг, Қарабұлақ ауылдық округі «Имекен» ш/қ М.Нөкербеков 3 ірі қара – 600 кг, «Айдос» ш/қ М.Тойғанбаев 2 ірі қара – 350 кг, Сарытерек ауылдық округі жеке тұлға М.Төлеутаев 4 ірі қара – 800 кг, Нүркен ауылдық округі «Қамшат» ш/қ Г.Ташенова 4 ірі қара – 800 кг, Тасарал ауылдық округі жеке тұлға М.Төлеутаев балық – 750 кг, Тораңғалық ауылдық округі жеке тұлға А.Бірлес балық – 750 кг, Қызыларай ауылдық округі «Қасымбек» ш/қ 3 бас жылқы – 600 кг, Қараменде би ауылдық округі «Қуандық» ш/қ П.Ертаубаева 2 ірі қара – 400 кг, «Зерегүл» ш/қ 2 ірі қара – 300 кг. Жалпы, бас-аяғы бір жарым тонна сүт өнімдері, 7450 кг ет өнімдері, оның ішінде 20 бас ірі қара, 18 бас ұсақ мал, 6 бас жылқы еті және бір жарым мың балық өнімдері саудаланды.

Сондай-ақ, аталмыш жәрмеңке барысында ауданымыздың күміс көмей, жезтаңдай әншілерінен құралған «Тоқырауын толқыны» ән-би ансамблі мен Қарқаралы аудандық мәдени-сауық орталығы, Осакаров аудандық мәдени-сауық орталығы, Кеншілер мәдениет сарайы көркемөнерпаздар ұжымдары жиналған қауымға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, өз өнерлерін паш етті.

*«Жасыл ел» бағдарламасы*

# «Жасыл елдің» жемісі

Еліміздегі қоршаған ортаны таза ұстап, қарлығаш қанатымен су тасығаны секілді экологиялық мәселелердің түйінін тарқатуға титтей де болса үлес қосып келе жатқан бірден-бір қоғамдық ұйым, ол – «Жасыл ел» жастар ұйымы. Аталмыш жасақ 2005 жылғы президент Н.Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты дәстүрлі Жолдауы негізінде құрылған көшбасшы ұйым. Міне, сол сәттен бастап бүгінгі күнге дейін дағдысынан жаңылмастан ұйым өз жұмысын жалғастырып келеді.

Жастардың күшімен елімізді көгалдандыру, абаттандыру арқылы студент жастарды еңбекпен қамтамасыз ету және сәйкесінше жастар арасындағы жұмыссыздықты төмендету бағдарламаның басты міндеттерінің бірі.

Ауданымызда да жыл сайын «Жасыл ел» сарбаздары сап түзеп, ала жаздай ауыл-ауылдағы саябақтардың күтіміне атсалысып, жақын маңдағы орман, бақтардың демалыс аумақтарын таза ұстап, көгалдарды суғарып, ағаштарды әктеуді өз міндеттеріне алады. Биыл да жас сарбаздар кезең-кезеңімен ұйым қатарына өтіп, жүктелген міндеттің үдесінен шыға білді. Егер де жаз бойына көше ортасындағы жасыл желек жайқалып, гүл біткен дестеленіп тұрса, сол жастардың еңбегі деп білеміз.

Жуырда «Жасыл ел» XVIII жастар еңбек маусымының облыстық жабылу салтанаты болып өтті. Шара барысында маусым бойы өзінің еңбекқорлығымен көзге түскен жас өскіндер әр аталым бойынша марапатқа ие болды. Ауданымыздан ат арытып барған Шашубай кентінің тұрғыны Қ.Сағатова «Үздік аудандық штаб сарбазы» номинациясына ие болды. Сондай-ақ, диплом және бағалы сыйлықпен марапатталды. Бұдан бөлек, «Жасыл ел» еңбек жасақтарының сарбаздары арасында «CS-GO» киберспорты бойынша өткен сайыста Ақтоғай ауданының командасы жүлделі II орынға ие болды. Шара соңынан барша қатысушылар естелік суретке түсті.

***Бетті дайындаған Е.АЙТЖАН.***

# Ақтоғай ауданының әкімі С.Әбеуованың 2022 жылдың IV тоқсаны бойынша тұрғындармен тұрақты есеп беру кездесулерін өткізу кестесі

| № | Кент, ауыл, ауылдық округ | Елді мекеннің атауы | Өтетін уақыты мен орны (4 тоқсан) | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ортадересін ауылдық округі | Ақжайдақ елді мекені | 01.11.2022 ж. Елді мекен 10.00 | |
| 2 | Торанғалық ауылдық округі | Торанғалық елді мекені | 01.11.2022 ж. Клуб үйі 14.00 | |
| 3 | Шашубай кенті | Шашубай кенті | 01.11.2022 ж. Клуб үйі 17.00 | |
| 4 | Тасарал ауылдық округі | Тасарал елді мекені | 02.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00 | |
| 5 | Сарышаған кенті | Сарышаған кенті | 02.11.2022 ж. Клуб үйі 15.00 | |
| 6 | Кежек ауылдық округі | Ақши елді мекені | 03.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00 | |
| 7 | Жидебай ауылдық округі | Сәуле елді мекені | 03.11.2022 ж. Клуб үйі 15.00 | |
| 8 | Айыртас ауылдық округі | Айыртас елді мекені | 04.11.2022 ж. Клуб үйі 10.00 | |
| 9 | Кусақ ауылдық округі | Қошқар елді мекені | 04.11.2022 ж. Клуб үйі 14.00 | |
| 10 | Абай ауылдық округі | Абай елді мекені | 04.11.2022 ж. Клуб үйі 16.00 | |
| 11 | Қарабұлақ ауылдық округі | Дуаншы елді мекені | 04.11.2022 ж. Елді мекен 18.00 | |
| 12 | Қараменде би ауылдық округі | Ақтас елді мекені | 07.11.2022 ж. Клуб үйі 16.00 | |
| 13 | Нүркен ауылдық округі | Нүркен елді мекені | 08.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00 | |
| 14 | Сарытерек ауылдық округі | Сарытерек елді мекені | 08.11.2022 ж. Клуб үйі 16.00 | |
| 15 | Шабанбай би ауылдық округі | Шабанбай елді мекені | 09.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00 | |
| 16 | Қызыларай ауылдық округі | Ақжарық елді мекені | 09.11.2022 ж. Клуб үйі 15.00 | |
| 17 | Ақтоғай ауылы | Ақтоғай ауылы | 10.11.2022 ж. Мәдениет үйі 11.00 | |

**Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығын іске асыру мақсатында аудан, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің есеп беруіне байланысты елді мекендердің өмір-тіршілігін қамтамасыз етудегі барлық мәселелер туралы халықтың ұсыныстарын, ескертпелері мен пікірлерін қамтамасыз ету мақсатында төмендегі белгіленген жерлерде тиісті жәшіктер орнатылған:**

1. Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының ғимараты
2. Ақтоғай ауылы әкімі аппаратының ғимараты
3. Кусақ ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
4. Айыртас ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
5. Абай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
6. Ақшкөл елді мекенінің мектеп ғимараты
7. Қарабұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
8. Қарасу елді мекені
9. Дуанши елді мекені
10. Қызыларай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
11. Шабанбай би ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
12. Қасабай елді мекені
13. Бегазы елді мекені
14. Сона елді мекені
15. Жидебай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
16. Үшарал елді мекенінің мектеп ғимараты
17. Қарақой елді мекенінің мектеп ғимараты
18. Жалаңаш елді мекенінің мектеп ғимараты
19. Кежек ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
20. Қараменде би ауылдық округінің мәдениет үйі
21. Қуаныш елді мекенінің мектеп ғимараты
22. Нүркен ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
23. Қаратал елді мекенінің мектеп ғимараты
24. Жалаңтөс елді мекенінің мектеп ғимараты
25. Жидебай елді мекені
26. Ақсеңгір елді мекені
27. Сарытерек ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
28. Жетімшоқы елді мекені
29. Ақтұмсық елді мекені
30. Кеңелі елді мекені
31. Шашубай кенті әкімі аппаратының ғимараты
32. Ортадересін ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
33. Ортадересін станциясы «Теміржол вокзалы» ғимараты
34. Ақжайдақ елді мекені «Теміржол вокзалы» ғимараты
35. Торанғалық ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
36. Тасарал ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
37. Сарышаған кенті әкімі аппаратының ғимараты

**Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты.**

*Қазақстан-2050: мемлекеттік қызмет*

# Обеспечение гласности и прозрачности при передаче свободных государственных активов в имущественный наем

Основной деятельностью Карагандинского департамента государственного имущества и приватизации является управление государственным имуществом, в частности, республиканским имуществом. Особое значение государственного имущества обусловлено двумя основными факторами: во-первых, оно является доходной статьей республиканского бюджета, во-вторых, служит для непосредственного удовлетворения государственных потребностей.

На протяжении последних лет большое внимание в управлении государственным имуществом уделяется противодействии коррупции, так как антикоррупционная культура – одна из основ обеспечения эффективности управления государственным имуществом, реализации социально-культурных функции государства, при этом соблюдение таких принципов как:

1) Законности;
2) Подотчетности и подконтрольности;
3) Гласности;
4) Эффективного использования государственного имущества на благо общества;
5) Обеспечения условий для развития конкуренции,

а также таких направлении как прозрачности, взаимодействия государства и гражданского общества, системного и комплексного использования мер противодействия коррупции, приоритетного применения мер предупреждения коррупции, является одним из основных составляющих в управлении государственным имуществом.

Приказом Министра национальной экономики РК от 17 марта 2015 года №212 утверждены Правила передачи государственного имущества в имущественный наем (аренду) (далее – Правила).

Правила предусматривают проведение тендера по аренде имущества только в электронном формате с использованием веб-портала реестра государственного имущества.

В целях обеспечения прозрачности и гласности тендеров по предоставлению объектов государственной собственности в имущественный наем (аренду), на веб-портале реестра государственного имущества создана электронная торговая площадка (сайт www.gosreestr.kz), которая обеспечивает всем субъектам участие в аукционе в режиме онлайн, без привязки к какому-либо месту.

Наймодатель обеспечивает публикацию извещения о проведении тендера на веб-портале Реестра за пятнадцать календарных дней до его проведения на государственном и русском языках. Заявки и прилагаемые к ним электронные (сканированные) копии документов участников хранятся в базе данных и не доступны для загрузки и просмотра до времени и даты, указанных в извещении о проведении тендера.

Договор имущественного найма (аренды) заключается на срок не более трех лет, договор считается прекращенным по истечении установленного договором срока.

Проведение тендера с использованием веб-портала Реестра:

– Для участия в тендере участнику необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале Реестра;

– Для регистрации в качестве участника тендера необходимо на веб-портале Реестра заре-гистрировать заявку на участие в тендере по предоставлению в аренду государственного имущества по форме согласно приложению 2 Правил, подписанную ЭЦП участника.

– Веб-портал Реестра направляет на электронный адрес участника электронное уведомление о принятии заявки либо причинах отказа в принятии.

– Основанием для отказа веб-порталом Реестра в принятии заявки является несоблюдение участником вышеуказанных требований, а также не поступление гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении тендера на счет единого оператора;

– Гарантийный взнос является обеспечением обязательств победителя подписать протокол о результатах тендера в случае победы на тендере и заключения договора аренды в соответствии с протоколом о результатах тендера.

Для предупреждения коррупционных рисков, процесс проведения электронных торгов полностью исключает человеческий фактор, который мог бы повлиять на результаты тендера. Вся информация об участниках и их количестве – закрыта, как для участников, так и для работников Департамента, до окончания аукциона.

Таким образом, обеспечивается не только исключение непосредственного контакта потенциальных арендаторов с сотрудниками Департамента, но и обеспечивается доступность насе-ления к электронным торгам.

**Р.Оспан,**
**Главный специалист отдела по работе с юридическими лицами и по распоряжению имуществом ГУ «Карагандинский департамент государственного имущества и приватизации КГИП МФ РК».**

*Сайлау-2022*

# Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы

Конституцияға (83-бап) сәйкес прокуратура мемлекет атынан (занда белгіленген шекте және нысандарда) заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады және сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді.

Бұл функциялардың орындалуын прокуратура органдары сайлау процесінде де қамтамасыз етеді.

Президенттің кезектен тыс сайлауы өткізілетіні туралы жарияланған сәттен бастап прокуратура органдары сайлау науқанының барлық кезеңдеріне қатысты негізгі міндеттер мен ұйымдастырушылық іс-шараларды айқындады.

Жергілікті орындардағы прокурорлармен кеңес өткізіп, оларды сайлау туралы заңнама нормаларының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуге бағыттадық.

21 қазаннан бастап (сағат 18:00-ден бастап) ең белсенді кезең – сайлау алдындағы үгіт басталды (ағымдағы жылғы 19 қарашада сағат 00:00-де аяқталады).

Оны өткізу тәртібі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңмен егжей-тегжейлі реттелген.

Белгіленген нормаларды сақтамау жауапкершілікке әкеп соғады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте сайлау алдындағы үгіттің тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін 9 бап көзделген.

Бұл келесі құрамдар:

- сайлау алдындағы үгітті оған тыйым салынған кезеңде жүргізу (102-бап – 15-тен 35 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл);
- сайлау алдындағы үгітті жүргізу құқығына кедергі келтіру (103-бап – 20-дан 50 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл);
- БАҚ арқылы сайлау алдындағы үгітті жүргізу шарттарын бұзу (112-бап – 2-ден 50 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл).

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы үгіт жүргізу шарттары «ҚР Сайлау туралы» Конституциялық заңының 27-бабында (7-тармағы) белгіленген.

Анықтама: үгіт жүргізу шарттарының бұзылуына келесілер жатады:

1) сайлау науқанының бұқаралық ақпарат құралдарын біржақты жариялау, яғни сайлау алдындағы іс-шаралардың мақсаттарын, міндеттері мен нәтижелерін, сондай-ақ олармен байланысты оқиғалар мен фактілерді бұрмалау;

2) кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне көрінеу нұқсан келтіретін үгіт материалдарын БАҚ-та жариялау, сондай-ақ теріске шығаруды тегін жариялау мүмкіндігін беруден бас тарту;

3) кандидаттардың БАҚ-та сөйлеп жатқан сөздерін бөлу және сөйлеген сөздерінен кейін іле-шала оларға түсініктеме жасау;

4) егер басқаларға келісім берілген жағдайда, бұқаралық ақпарат құралдарының кандидаттардың біріне эфир уақытын, баспа алаңын бөлуден бас тартуы.

Осы шарттарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Сондай-ақ, үгіт жүргізу кезеңінде болуы мүмкін әкімшілік құқық бұзушылықтардың басқа да құрамдарын атап өткім келеді:

- анонимдік үгіттеу материалдарын дайындау немесе тарату («ҚР сайлау туралы» заңның 28-бабының 5-тармағына сәйкес барлық үгіт-насихат баспа материалдарында осы материалдарды шығарған ұйым, олардың басып шығару орны мен таралымы, тапсырысты жасаған тұлғалар, қандай қаражаттан төленгені туралы мәліметтер болуы тиіс) ӘҚБтК-нің 113-бабы бойынша әкімшілік айыппұл салуға (25 айлық есептік көрсеткіш) әкеп соғады.
- үгіт материалдарын қасақана жою, бүлдіру (114-бап – 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл);
- сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сауал салуды жүргізу шарттарын бұзу (120-бап – 10-нан 30 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл);

Анықтама: сауалнама жүргізген заңды тұлғаны; сауалнамаға тапсырыс берген және оны төлеген адамдарды; сауалнама жүргізу уақытын; ақпарат жинау әдісін; сұрақтың нақты тұжырымын; сұралғандардың санын және сауалнама нәтижелерінің қателік коэффициентін көрсетпеу.



- сайлау алдындағы үгітті жүргізу шарттарын бұзу (122-бап – 20-дан 30 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл);

Анықтама: «ҚР сайлау туралы» заңның 27-бабының 4-тармағына сәйкес сайлау алдындағы үгіт-насихат материалдарын таратуға тыйым салынады:

- мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарына, әскери қызметшілеріне, Ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, судьяларға, сайлау комиссияларының мүшелеріне, діни бірлестіктерге;
- кандидаттар немесе олардың сенім білдірілген адамдары тіркеген журналистердің, БАҚ редакцияларының лауазымды адамдарының сайлауды БАҚ арқылы жариялауға қатысуына;
- үгіт материалдарын орналастыру (ескерткіштерде, обелисктерде, тарихи, мәдени немесе сәулеттік құндылығы бар ғимараттар мен құрылыстарда, сондай-ақ дауыс беруге арналған үй-жайларда, 124-бап – 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл);
- сайлау алдындағы үгіт жүргізуге республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты жұмсау тәртібін бұзу (125-бап – 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл).

Аталған барлық құқық бұзушылықтар бойынша субъектілер болып азаматтармен және лауазымды тұлғалармен қатар кәсіпкерлік субъектілері де табылады. Баптардың санкцияларында 10-нан 50 айлық есептік көрсеткішке дейін (30-дан 153 мың теңгеге дейін) айыппұл қарастырылған.

Сайлау құқықтарына нұқсан келтіретін осы және басқа да әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша өндірістерді қозғау (ӘҚБтК-нің 101-126-баптары) прокурордың айрықша құзыретіне жатады (ӘҚБтК-нің 805-бабы). Істерді сот қарайды.

Бірақ, азаматтар өздерінің сайлау құқығы бұзылған жағдайда өз бетінше тікелей сотқа да жүгіне алады (ӘҚБтК-нің 807-бабының 1-бөлігінің 4-тармағы).

Бұл жағдайда аталған санаттағы істерді соттар бірден қарайды (прокурордың қаулысынсыз), бірақ міндетті түрде прокурордың қатысуымен (сайлау құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың барлық құрамы бойынша: ӘҚБтК 101-126-баптары).

Әкімшілік жауаптылықпен қатар сайлау заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық та көзделген.

Ол сайлау құқықтарын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі келтіруге қатысты (ҚК - нің 150-бабы – 100 АЕК айыппұлдан бастап, түзету жұмыстарын, бас бостандығын шектеуді қоса алғанда, 4 жылға дейін бас бостандығынан айыру).

Екінші құрам – сайлау құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды дұрыс есептемеу (ҚК - нің 151-бабы – 4 мың АЕК мөлшеріне дейін айыппұл салу не түзеу жұмыстары / немесе 4 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе шектеу).

Қазіргі уақытта сайлау науқаны құқықтық аланда өтіп жатыр. Сайлау заңнамасын бұзу фактілері тіркелген жоқ.

Сайлау науқанын жүргізудің заңдылығын одан әрі қамтамасыз ету үшін прокурорлар мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен, сондай-ақ сайлау комиссияларымен тығыз қарым-қатынас орнатты.

Әрбір бұзушылық фактісі бойынша заңдарда көзделген барлық құқықтық шаралар қабылданатын болады.

**Б.Мырзакеров,**
**облыс прокуроры.**

*Құқық*

# Азаматтық процестік заңнамадағы эксаумақтық соттылық

**Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында 2022 жылғы 1 тамыздан бастап тараптардың өзара келісімі бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында осы іс үшін, оның ішінде соттың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша аумақтық соттылықты өзгерте алуы, эксаумақтық соттылықты таңдау мүмкіндігі енгізілген.**

**Сот ісін жүргізу аумақтық соттылықпен тікелей байланыста, яғни ол соттар арасында істерді қарау және шешу туралы құзіреттілігін реттейді.**

**Жалпы Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) талаптарына сәйкес азаматтық істер аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттарда қаралады және шешіледі, талап қою жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. Сонымен қатар, істер мамандандырылған соттарда да, атап айтқанда, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі соттарда, экономикалық, әкімшілік соттарда да қаралады.**

**АПК-нің 30-бабы соттылықты талап қоюшының таңдауы бойынша анықтайды. Мысалы, өзінің тұрғылықты жері бойынша талап қоюшы әке болуды анықтау туралы және алименттерді өндіріп алу туралы, онымен кәмелетке толмаған балалары бірге тұрған жағдайда некені бұзу туралы, мертігуден немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуынан келген зиянды өтеу туралы талап қоюларды бере алады.**

**Азаматтық процестік заңнамада эксаумақтық соттылық ұғымы анықталмаған. Сондықтан, оны АПК-нің 32-бабында шарттық соттылық деп анықтаған, яғни тараптарға өзара келісім бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында осы іс үшін, оның ішінде соттың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша аумақтық соттылықты өзгерте алу, эксаумақтық соттылықты таңдау құқығы белгіленген. Алайда, Кодекстің 31-бабында белгіленген айрықша соттылықты тараптардың келісімімен өзгертуге болмайды. Атап өтетін нәрсе, эксаумақтық соттылықты қолдану ол тараптардың міндеті емес, құқығы болып табылады.**

**Судья азаматтық іс қозғағаннан кейін оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарған кезде онда тараптардың эксаумақтық соттылықты қолдану мүмкіндігін түсіндіреді. Ал, тараптар болса өз құқықтарын пайдалана отырып, істі аумақтан тыс соттылықты қолдану туралы өтініш хат келтіре алады.**

**Екі тараптың өтінішхаттары тіркелген соң, сот кеңсесі іс карточкасында соттың эксаумақтығы бойынша батырмасын таңдайды, сол кезде ақпаратты жүйе өз критерийлерін және республика соттарының жүктемесін ескере отырып, қайта бөлуді жүзеге асырады, ал өтініш судьяға беріледі. Әрі қарай сот отырысында судья тараптарға істің қандай сотта қаралатыны туралы хабарлап, ол туралы уәжді ұйғарым шығарады. Ұйғарым заңды күшіне енген соң, іс эксаумақтығы бойынша сотқа жолданады.**

**Эксаумақтық соттылық істі сот талқылауына дайындау барысында таңдалуымен, қолданылуымен қоса, жоғары сатыдағы соттармен сот актілерінің күші жойылған кезде, қайта қарауға жолданған істер, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша күші жойылған сот актілері жаңадан қарауға жолданған кезде, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қаралып, сот актілері күшін жойған кезде де қолдануы мүмкін.**

**С.Жумашкина,**
**Ақтоғай аудандық сотының судьясы.**

FinGramota
Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

FinGramota
Повышение финансовой грамотности населения

# Теңгемен салымдар бойынша өтемақы туралы не білу қажет?

Қазақстанда салымшыларды қолдау мақсатында Жеке тұлғалардың ұлттық валютада-теңгемен орналастырылған депозиттері бойынша өтемақы (сыйақы) төлеу тәртібі әзірленді. Ол 2022 жылғы 12 қыркүйекте қолданысқа енгізілді.

Өтемақы 10%-дық мөлшерде сыйлықақы алуға келісімін растаған және 2023 жылғы 1 қаңтарғадейін банктерге–депозиттергеміндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушыларына өтінім жолдаған салымшыларға ғана төленеді. Ол жөнінде Fingramota.kz толығырақ айтып береді.

**Қандай салымдар бойынша мемлекеттен сыйлықақы алуға болады?**

Өтемақыны тек 2022 жылғы 24 ақпанға дейін теңгемен ашылған депозиттер бойынша ғана алуға болады.

Өтемақы мынадай салымдар бойынша төленеді:

– Жинақ, яғни ақшаны ішінара алу құқығынсыз қайтарып алынбайтын депозит;

– мерзімді салым (білім беру жинақтау салымдарын және тұрғын үй құрылыс жинақтарын қоса алғанда). Сыйлықақы тек осы салымдар бойынша және 20 миллион теңгеден аспайтын сомаға төленетін болады.

Бұл ретте, сыйлықақы мыналарға:

– талап етілгенге дейінгі салымдарға, яғни банк белгісіз мерзімге ашатын және клиенттің бірінші талабы бойынша қайтарылатын салымдарға;

– шартты салымдарға;

– ағымдағы банктік шоттарға қолданылмайды.

Депозиттер бойынша өтемақы төлеу жеке тұлғаларға, резиденттерге және бейрезиденттерге, оның ішінде дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, кәсіби медиаторларға төленуге тиіс.

Егер салымшының бір банкте бірнеше депозиті болса, онда өтемақы жалпы сомасы 20 млн теңге көлемінде төленеді. Ал, егер салымшыда түрлі банктерде депозиттер болса, онда сыйлықақы әрбір салым бойынша ол да 20 млн теңге шегінде төленетін болады.

Салымшылар өздерінің теңгемен салымдары бойынша, егер:

– олардың салымдарының мерзімі аяқталмаған немесе 2023 жылғы 23 ақпанға дейін (бір немесе бірнеше рет) ұзартылған;

– банктік салым шарты тоқтатылмаған және салымшы өзінің барлық жинақтарын депозиттен толығымен алмаған жағдайларда сыйлықақы алуларына болады.

**Өтемақы қалай есептеледі?**

Өтемақы төлеудің негізгі талабы – бұл 2022 жылғы 23 ақпанда операциялық күннің соңында депозитте болған сома және ол жыл бойына өзгеріссіз қалуы керек. Яғни, салымшы депозиттен ақша алмауы керек!

Егер салымшы, айталық, депозиттен қаражаттың бір бөлігін алған болса немесе шотты толықтырса, онда 2022 жылғы 23 ақпаннан бастап, 2023 жылғы 23 ақпанды қоса алған кезеңдегі депозиттегі ең аз қалдыққа өтемақы төленуге тиіс.

Маңызды! Мемлекеттен ең жоғары сыйлықақы алу үшін бір жыл ішінде – 2022 жылғы 23 ақпаннан бастап қоса алғанда, 2023 жылғы 23 ақпан аралығында депозиттен қаражат алмаған жөн! Егер шот бойынша қозғалыстар болған болса, онда осы депозитте бір жыл ішінде тіркелген ең төменгі сома өтелуге тиіс. Өтемақы төлеу үшін арнайы жеке шоттар ашудың қажеті жоқ!

Өтемақы төлеу тетігін бірнеше мысалдармен талдап көрейік.

Егер 2022 жылғы 23 ақпаннан бастап 2023 жылғы 23 ақпанға дейін салымшының өтемақы төленетін депозиттегі сомасы 5 млн теңгені құраса және осы кезенде толықтырылмаса және алынбаса, онда оған 10% мөлшерінде, яғни 500 мың теңге мемлекет сыйлықақысы есептелетін болады.

Егер осы кезеңде салымшы депозитті толықтырса немесе өз қаражатын ішінара алса, онда 10% мөлшеріндегі сыйлықақы осы кезеңдегі операциялық күннің соңында тіркелген ең төменгі қалдыққа есептелетін болады.

Тағы бір мысал: салымшының өтемақы төленетін депозитінде 2022 жылғы 23 ақпандағы күннің соңында 500 мың теңге болды. Бір жыл ішінде, 2023 жылғы 23 ақпанға дейін ол ақшаны ішінара алды, ал депозиттегі ең төменгі қалдық 200 мың теңге болды. Ол сондай-ақ депозитті толықтырды, нәтижесінде 2023 жылғы 24 ақпанда оның депозитіндегі сома 800 мың теңгені құрады. 10% мөлшеріндегі сыйлықақы 200 мың теңгеге есептелетін болады, себебі Қағидаларға сәйкес өтемақы ең төменгі қалдыққа есептеледі.

Банктер Проблемалық кредиттер қорынан (ПКҚ) және Қазақстанның орнықтылық қорынан (ҚОҚ) өтемақы сомасын алғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде салымшылардың ағымдағы банктік шоттарына сыйлықақыны есептейді. Ағымдағы шот болмаған жағдайда өтемақы төленетін депозит ашылған банкке жүгіну қажет.

**Егер депозит мерзімі 2022 жылғы 24 ақпаннан бастап автоматты түрде ұзартылмаса не істеу керек?**

Салым мерзімі аяқталғаннан кейін, егер ұзарту шартта көзделмесе, банк клиентке ақшаны оның ағымдағы шотына немесе жинақ шотына қайтарады.

Егер салымшының депозит мерзімі өткен болса және 2022 жылғы 23 ақпаннан 2022 жылғы 1 қазанға дейінгі кезең аралығында ұзартылмаған болса, салымшы жаңа депозит ашу үшін банкке жүгіне алады (тек 2022 жылғы 1 қазанға дейін), бұл ретте салымшы мерзімі өткен депозиттің қалдығын оны жабу кезінде алмай, салымшының ағымдағы немесе жинақ шотына аударылуға тиіс.

Маңызды! Ең бастысы – бұл ақшаны осы шоттардан алмау. Яғни, ақшаның барлық қозғалысы салымшы ақшаны алып қоймай, бұрын депозит ашылған банктің ішінде болуы керек.

Салымшылар Қағидаға сәйкес өтемақы алу үшін ақшаны толық алуға жол берілмейтінін есте сақтауы қажет.

**Салымшы өтемақы алуға келісімін қалай растайды?**

2023 жылғы 1 қаңтарға дейін өтемақы алуға келісіміңізді растау маңызды. Көрсетілген мерзімде банкке келісім туралы өтініш бермегендерге өтемақы төлеу жүзеге асырылмайды.

Банктер салымшыларға өтемақы алу мүмкіндігі және өтініш беру арқылы келісім беру қажеттілігі туралы хабарлайды. Өтініш беру тәртібі мен тәсілін банк айқындайды.

Өтініште салымшылар мыналарды көрсетуі керек:

– тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

– жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН).

Өтініште салымшы:

– өтемақы алу үшін;

– ПКҚ, ҚОҚ және ҚДКБҚ (Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорына) ақпаратын, оның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты ұсынуға;

– өтемақы төлеу үшін ПКҚ және ҚДКБҚ дербес деректерді жинауға және өңдеуге өзінің келісімін береді.

Маңызды! Өтемақы төлеу қағидалары бойынша сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар «1477» нөмірі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жүгіне алады.

Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар өз құқықтарын қорғау үшін ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жүгіне алады (консультациялар алу үшін – Агенттігінің call-орталығы «1459» немесе «Fingramota Online» мобильдік қосымшасы).

Қаржылық сауаттылығыңызды Fingramota.kz!-пен бірге арттырыңыз!

# Что необходимо знать о компенсации по тенговым вкладам?

В целях поддержки вкладчиков в Казахстане разработаны Правила выплаты компенсации (премии) по депозитам физических лиц, размещенным в национальной валюте. Они вступили в действие с 12 сентября 2022 года.

Компенсация будет выплачена только тем вкладчикам, которые подтвердили свое согласие на получение 10 % премии и направили заявку в банки-участники системы обязательного гарантирования депозитов до 1 января 2023 года. Fingramota.kz расскажет подробнее.

**По каким вкладам можно получить премию от государства?**

Получить компенсацию можно только по депозитам в тенге, открытым до 24 февраля 2022 года.

Компенсации подлежат следующие вклады:

– сберегательный, то есть безотзывной депозит без права частичного снятия денег;

– срочный вклад (включая образовательные накопительные вклады и жилищные строительные сбережения). Премия будет выплачиваться только по этим вкладам и на сумму, не превышающую 20 млн тенге.

При этом премия не распространяется на:

– вклады до востребования, то есть те, которые открываются банком на неопределенный срок и возвращаются по первому требованию клиента;

– условные вклады;

– текущие банковские счета.

Выплата компенсации по депозитам полагается физическим лицам, резидентам и не резидентам, в том числе индивидуальным предпринимателям, частным нотариусам, частным судебным исполнителям, адвокатам, профессиональным медиаторам.

Если у вкладчика несколько депозитов в одном банке, то компенсация будет выплачена на общую сумму в пределах 20 млн тенге. А если у вкладчика депозиты в разных банках, то премия будет начислена по каждому вкладу и тоже в пределах 20 млн тенге.

Вкладчики могут получить премию по своим тенговым вкладам, если:

– срок их вклада не истек или был продлен (один или несколько раз) до 23 февраля 2023 года включительно;

– договор банковского вклада не был прекращен, и вкладчик не снял все свои сбережения с депозита полностью.

**Как рассчитывается компенсация?**

Главное условие выплаты компенсации – это сумма на депозите, которая была на конец операционного дня 23 февраля 2022 года, и она должна оставаться неизменной в течение года. То есть вкладчик не должен снимать деньги с депозита!

Если вкладчик, допустим, снял часть средств с депозита или пополнил счет, то компенсации подлежит минимальный остаток на депозите за период с 23 февраля 2022 года по 23 февраля 2023 года включительно.

Важно! Для получения максимальной премии от государства не рекомендуется снимать средства с депозита в течение года – с 23 февраля 2022 года по 23 февраля 2023 года включительно! Если были движения по счету, то компенсации подлежит минимальная сумма, которая была зафиксирована на этом депозите в течение года. Специально открывать отдельные счета для выплаты компенсации не нужно!

Разберем механизм выплаты компенсации на нескольких примерах.

Если у вкладчика на компенсируемом депозите сумма с 23 февраля 2022 года до 23 февраля 2023 года составляла 5 млн тенге, при этом не пополнялась и не изымалась, то ему будет начислена премия государства в размере 10%, то есть 500 тыс. тенге.

Если в этот же период вкладчик пополнит депозит или снимет частично свои средства, то премия в размере 10% будет начислена на минимальный остаток, зафиксированный на конец операционного дня за данный период.

Еще один пример: у вкладчика на компенсируемом депозите на конец дня 23 февраля 2022 года было 500 тыс. тенге. В течение года, до 23 февраля 2023 года, он частично снимал деньги, и минимальный остаток на депозите был 200 тыс. тенге. Он также пополнял депозит, в итоге на 24 февраля 2023 года сумма на его депозите составила 800 тыс. тенге. Премия в размере 10% будет начислена на 200 тыс. тенге, потому что, согласно Правилам, компенсация начисляется именно на минимальный остаток.

Банки в течение 2 рабочих дней зачисляют премию на текущие банковские счета вкладчиков после получения сумм компенсации от Фонда проблемных кредитов (ФПК) и Казахстанского фонда устойчивости (КФУ). В случае отсутствия текущего счета, необходимо обратиться в банк, где открыт компенсируемый депозит.

**Что делать, если срок депозита не был автоматически продлен с 24 февраля 2022 года?**

По истечении срока вклада, если продление не было предусмотрено договором, банк возвращает деньги клиенту на его текущий, либо на сберегательный счет.

Если у вкладчика срок депозита истек и не был продлен в период с 23 февраля 2022 года до 1 октября 2022 года, вкладчик может обратиться в банк для открытия нового депозита (только до 1 октября 2022 года), при этом остаток депозита, по которому истек срок, не должен быть изъят вкладчиком в момент его закрытия, а переведен на текущий или сберегательный счет вкладчика.

Важно! Главное – не снимать эти деньги с этих счетов. То есть все передвижения денег должны быть внутри этого же банка, где ранее был открыт депозит, без изъятия вкладчиком денег.

Вкладчикам необходимо помнить, что, согласно Правилам, для получения компенсации не допускается полное изъятие денег.

**Как вкладчику подтвердить свое согласие на выплату компенсации?**

Важно подтвердить свое согласие на получение компенсации до 1 января 2023 года. Тем, кто не подал заявление о согласии в банк в указанный срок, выплата компенсации осуществляться не будет.

Банки уведомляют вкладчиков о возможности получения компенсации и необходимости предоставления согласия посредством предоставления заявления. Порядок и способ подачи заявления определяются банком.

В заявлении вкладчикам необходимо указать следующее:

– фамилию, имя, отчество (при наличии);

– индивидуальный идентификационный номер (ИИН).

В заявлении вкладчик дает свое согласие:

– на получение компенсации;

– на представление информации ФПК, КФУ и КФГД (Казахстанскому фонду гарантирования депозитов), в том числе информации, составляющей банковскую и иную охраняемую законом тайну;

– на сбор и обработку ФПК и КФГД персональных данных для выплаты компенсации.

Важно! В случае возникновения вопросов по Правилам выплаты компенсации, граждане могут обратиться в Национальный Банк Республики Казахстан по номеру «1477».

За защитой своих прав потребители финансовых услуг могут обратиться в Агентство РК по регулированию и развитию финансового рынка (для получения консультаций – call-центр Агентства «1459» или мобильное приложение «Fingramota Online»).

Повышайте свою финансовую грамотность вместе с Fingramota.kz!

# ПУБЛИЧНЫЙ ДОГОВОР

**на предоставление услуги по водоснабжению, теплоснабжению, и/или отведению сточных вод**

**поселок Шашубай** **октябрь 2022 год**

Филиал товарищества с ограниченной ответственностью «Ақтоғай Энерго» поселка Шашубай, в лице директора Рахимова Бекзата Хазихановича, действующего на основании доверенности, именуемое в дальнейшем «Поставщик», с одной стороны и жители поселка Шашубай, именуемые в дальнейшем «Потребитель», с другой стороны, вместе именуемые «Стороны», заключили настоящий Договор о нижеследующем:

Пункт 1. Предмет договора

1.1. Поставщик обязуется подавать через присоединенную сеть Потребителю услуги по водоснабжению, теплоснабжению и отведению сточных вод (далее – услуги), а Потребитель обязуется своевременно оплачивать принятую им за предоставленные услуги в объемах, порядке и условиях, указанные в настоящем Договоре.

Пункт 2. Стоимость и сроки оплаты оплаты услуг

2.1. Оплата за предоставленные услуги по настоящему Договору производится по тарифам, утвержденным регулирующим органом.

Стоимость услуг, равно как и иные условия Договора, устанавливается одинаковой для всех потребителей.

2.2. Оплата производится Потребителем ежемесячно за фактически предоставленное количество услуг в срок до 10 числа месяца, следующего за расчетным периодом, если иное не предусмотрено соглашением Сторон.

Пункт 3. Права и обязанности Потребителя

3.1. Потребитель имеет право:

1) На получение услуг установленного качества, безопасных, для его здоровья, не причиняющих вреда его имуществу.

2) участвовать в публичных слушаниях, проводимых по обсуждению проекта тарифа на услуги;

3) пользоваться услугами в необходимом ему объеме при условии своевременной оплаты;

4) расторгнуть Договор в одностороннем порядке при письменном уведомлении об этом Поставщика не позже, чем за месяц при условии оплаты предоставленной услуги.

3.2. Потребитель обязан:

1) своевременно и в полном объеме оплачивать за предоставленные услуги;

2) немедленно сообщать Поставщику о неисправностях в работе системы;

3) обеспечивать доступ представителей Поставщика к приборам учета для контроля технического состояния и безопасности сетей, приборов и оборудования;

4) соблюдать требования по технике безопасности при потреблении услуги;

5) обеспечивать сохранность, надлежащее техническое состояние и безопасность эксплуатируемых систем, находящихся в его ведении или на обслуживании;

6) предоставить правоустанавливающие документы правообладателя недвижимости для заключения договора купли-продажи (мены, найма, наследство, аренды и др.);

7) удостоверение личности правообладателя недвижимости;

8) технический паспорт недвижимости (план строения);

9) сведения о зарегистрированных лицах.

Пункт 4. Права и обязанности Поставщика

4.1. Поставщик имеет право:

1) своевременно и в полном объеме получать плату за предоставленные услуги;

2) в одностороннем порядке приостоновить исполнение Договора в связи с неоплатой Потребителем за предоставленные услуги, при этом письменно уведомив Потребителя о прекращении подачи услуг;

3) проводить техническое обслуживание системы и организовывать проверку и поверку приборов учета;

4) вносить изменения в настоящий Договор путем составления дополнительного соглашения, являющегося неотъемлемой частью Договора.

4.2. Поставщик обязан:

1) обеспечить своевременное и бесперебойное предоставление услуг Потребителю в соответствии с требованиями Договора;

2) вести учет и контроль качества и количества предоставляемых услуг, принимать своевременные меры по предупреждению и устранению нарушений предоставления услуг;

3) заключить с Потребителем Договор на предоставление услуг;

4) уведомлять Потребителей об изменении тарифов, режиме предоставления услуг;

5) принять меры по восстановлению качества и объема предоставляемых услуг по обоснованным претензиям Потребителя в течение 24 часов;

6) при осмотре сетей, приборов учета, а также при снятии показаний приборов учета Потребителя предъявлять служебное удостоверение.

Пункт 5. Ограничения сторон

5.1. Потребителю запрещается:

1) переоборудовать внутридомовые сети, сооружения и системы водоснабжения и приборов учета без согласования с Поставщиком;

2) нарушать имеющиеся схемы учета услуг.

5.2. Поставщику запрещается:

1) отказывать в предоставлении услуги или ограничивать Потребителя в получении услуги по причинам невыполнения требований другими Потребителями;

2) взимать за предоставленную услугу плату, превышающую установленную регулирующим органом.

5.3. Сторонам запрещается совершать действия, ограничивающие права Сторон либо иным образом нарушающие законодательство Республики Казахстан.

Пункт 6. Условия предоставления услуг

6.1. Приостановление подачи услуг производится в случаях:

1) аварийной ситуации либо угрозы жизни и безопасности граждан;

2) самовольного присоединения к сети Поставщика;

3) отсутствия оплаты за услуги в течение 2-х месяцев, следующих за расчетным периодом;

4) неоднократного недопущения представителей Поставщика к приборам учета;

5) в других случаях, предусмотренных нормативными правовыми актами и соглашением Сторон.

6.2. Подключение Потребителя производится при устранении и ликвидации возникших нарушений.

В случае приостановления предоставления услуг Потребителю за нарушения, предусмотренные подпунктом 3) пункта 6 Договора, подключение производится после погашения долга. При неоднократном отключении подключение производится после погашения долга и внесения платы за подключение.

Пункт 7. Форс – мажорные обстоятельства

7.1. Ни одна из Сторон не несет ответственности перед другой стороной в случае наступления форс-мажорных обстоятельств, то есть обстоятельств непреодолимой силы (стихийное бедствие или иные обстоятельства, которые невозможно предусмотреть или предотвратить), а также военных действий, забастовок и так далее, влекущих неисполнение или ненадлежащее исполнение условий Договора.

В случае наступления обстоятельств непреодолимой силы Поставщик в течение пяти рабочих дней с даты их наступления уведомляют об этом Потребителей через официальные средства массовой информации. Обязательства Сторон по Договору могут быть приостановлены на срок действия обстоятельств непреодолимой силы, но только в той степени, в которой такие обстоятельства препятствуют исполнению обязательств Сторон по Договору.

В случае, если обстоятельства непреодолимой силы длятся три и более месяцев, каждая из Сторон вправе расторгнуть Договор при условии предварительного уведомления другой стороны не менее чем за двадцать календарных дней до даты предполагаемого расторжения. При этом Стороны обязуются в течение 30 календарных дней произвести все взаиморасчеты по Договору.

Пункт 8. Общие положения и разрешение споров

8.1. В своих правоотношениях Стороны руководствуются Договором и действующим законодательством.

8.2. Договор на предоставления услуг вступает в силу с момента первого фактического подключения Потребителя в установленном порядке к сетям.

Срок действия Договора для потребителей является бессрочным, и считается заключенным на неопределенный срок, если иное не предусмотрено соглашением сторон, а для государственных учреждений, финансируемых из государственного бюджета, в соответствии с действующим законодательством.

8.3. Расторжение или изменение условий Договора производится по основаниям и в порядке, предусмотренным законодательством Республики Казахстан.

8.4. При невыполнении или нарушении обязательств по Договору одной из Сторон другая сторона вправе в одностороннем порядке расторгнуть Договор с предъявлением требований о возмещении понесенных убытков.

8.5. При не достижении соглашения между Сторонами споры и разногласия решаются в судебном порядке.

8.6. Договор для государственных учреждений, финансируемых из государственного бюджета, регистрируется в территориальных органах Казначейства Министерства финансов Республики Казахстан и вступает в действие с момента его регистрации.

8.7. По соглашению Сторон Договор может быть дополнен другими условиями, не противоречащими нормам типового Договора.

8.8. Не оговоренные Договором отношения между Сторонами регулируются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

Пункт 9. Юридические адреса и банковские реквизиты ПОСТАВЩИК

Филиал ТОО «Ақтоғай Энерго» поселка Шашубай

100316, РК, Карагандинская область,
Актогайский район, поселок Шашубай,
ул. Ж.Ақбергенұлы, 1
БИН 191041002239
ИИК KZ3394804KZT22031498
БИК EURIKZKA
АО «Евразийский Банк»
Директор Рахимов Бекзат Хазиханович. АБ

*Тарих тағылымы*

# *Жидебай батыр*



Халық даналығында «алмас қылыш қын түбінде жатпас» деген сөз бар. Әр елдің өз асылы, өз данасы, өз батыры бар. Осындай теңеуге лайықты батырлығымен, шешендігімен елге танылған Жидебай есімін бүгінгі ұрпақ естігендерімен, ол туралы көп деректерді біле бермейді. Сондықтан да, бала жасымнан Жидекең туралы естіп-білгендерімді ұрпақ кәдесіне жарар деп қағазға түсірдім.

Кейбір тарихи деректер бойынша Жидебай бабамыз 1726 жылы дүниеге келіп, 1826 жылы жүз жасап, дүниеден өткен. Руы – Әлтеке, әкесі – Қожаназар, үлкен әкесі – Дос батыр. Сарыарқа елінің қалың жылқысын қалмақтар шауып кетеді. Сонда намыс кернеген Дос батыр: «Ысқырса – желдікі, айдаса – жаудікі» деп отырамыз ба, жылқының сүрлеу ізіне түсіп, жаудан жылқыны қайтарайық, менің артымнан кім ереді?» деген екен. Топты жарып 14 жастағы, руы Керней Есей деген бала шығады. Халық қол жайып: «Майқы бабамыздың шешендік өнерін берсін, жаумен бетпе-бет сөйлескенде тапқырлық дара сөзін берсін. Жортқанда желмаяның жүрісін берсін!» – деп бата береді. Содан Есей мен Дос батыр жауырынға қарап жол тартып, қазіргі Жамбыл облысы, Қаратал өзенінің бойына келіп тоқтайды. Сол жерде иіріліп жатқан жылқының ішінде Қайыңбан ханның елге әйгілі Көкторы деген аты жоқ болып шығады. Ол ат жаулар демалып жатқан шатырдың белдеуінде байлаулы тұр екен. Есей бала оны лезде қарғып мініп, қалмақтардан жылқыларын құтқарып, ауылға аман-сау оралады.

Батыр атасының жолын қуған Жидебай да әрі батыр, әрі тапқыр шешен жан болады. Әлкей Марғұланның айтуы бойынша, 1748 жылы қалмақтардың қалың әскер қолы Сарыарқаның белиндегі Баянауыл, Қарқаралы жерлеріне басып кіреді. Абылай жауға қарсы қол жасақтайды. Арғын ұрпақтары тегіс көтеріледі. Сарым, Әлтеке, Қаракесек рулары шығады. Хабарды Жидебай батыр ести сала, Абылай хан қолының сырт жағына келіп қоныстанады. Азаннан ерте тұрған Абылай хан қолдың шетінде жатқан дара адамды көрген соң, бұл тегін адам болмауға тиіс деп келіп, көрмек болады. Жанына келіп шапанын ашса, төсінде екі түлкі ұйықтап жатқан көрінеді де, оны оятпастан, кері қайтады. Жидебай тұрған соң Абылай ханға бізді қабылдап алсын деп Қожабай деген адамын жібереді. Содан қалмақтармен соғысқа кіріседі. Сарыарқа даласында жеңіліс тапқан қалмақтар қаша соғысады. Баянауыл жерінде Қалмаққырылған деген жер атауы содан қалған.

Қалмақтар қайта басын көтеріп, Балқаш көлінің батыс жағын жағалап, қазақ ауылдарына маза көрсетпейді. Содан Жидебай бастаған топ Бектауата (Әулиеата) жерінде қалмақтарды қарсы алады. Шығыс оңтүстік жақтағы қалмақ бекінген Қаработа атты үлкен өзен бар. Осы кезеңде қалмақтар жеңіліс тауып, Балқаш көлін жағалап қашады. Содан Жидекеңдер қалмақтарды Ащыкөлге қамап, ақсүйек жасайды. Алматыға барар үлкен жол бойындағы Ақсүйек қалашығының атауы осыған байланысты қойылса керек.

Кейбір қашқан қалмақтар Қаншеңгелде жеңіліс табады. Қаншеңгел жері Күрті өзенінен 30 шақырымда. Осы бір үлкен ұрысқа Жидекеңмен бірге Жарылғап, Дүйсенбай, Қарсенбай, Сәрсенбай, Жалаңтөс, Сабота батырлар қатысады.

Мына бір оқиға да Жидебай тұлғасын аша түседі. 1745 жылы Қалдан Серен өлгеннен кейін, қалмақ ордасында аласапыран басталып, Жидебай әкесі бір соғыста қолға түседі. Жидебай әкесінің кегін жіберуді намыс көріп, жауға аттанбақ болып батырлар жинай бастайды. Байзақ, Қарсенбай, Торақ батырлар келеді. Шешен сөз бастаған билер, оның ішінде Қараменде би де келеді. Олар жер жағдайын, ауа райын білетін адамдарды реттейді. Пәшей деген кісі кедей болса да ауа райын, қыстың, жаздың жадысын дәлдеп айтып отыратын адам болған. Батырлар Пәшейді жорыққа ерте кетеді. Бір кереметі, жолды қысқарту үшін қолды Балқаш көлінің шығыс жағындағы қысаң жерден өткізеді. Жортуылшылар Алакөл, Балқаш көлін жағалап, Алатауға бет алады.

Осы жорық туралы Нұршилан ақын былай деп жырлайды.

«Өмірде басып жүрмін талай қырды,
Жасырмаймын тіріде ішкі сырды.
Жидебай батырлығын мақтан етсем,
Жазамын солар үшін талай жырды.
Әкесі Қожаназар әруағы,
Жидебай қос түлкісін тастамады.
Атаның әруағы көмекші боп,
Жауға қос түлкісіз бастамады.
Бейауыз біреулермен жамандаспай,
Қалмақтармен ойнаған замандастай.
Жидекең ерлігіне сенгендіктен,
Абылай хан жата берген хабарласпай.
Халқы үшін жаралған ерлер туып,
Сырттан қалмақ келеді өнір суық.
Тыныш жатқан еліне тиіскен соң,
Сонда батыр барады белін буып.
Көрген-көрмегені қайран қалған,
Неге керек дүние, өмір жалған.
Жидекеңді не болар деп елі жүрсе,
Теңдікті алып келген есен-аман».

Жидебай батырдың өзі өткен өмір жолдарын еске түсіріп, оны жырлап отырған екен. Мысалы, оның:

«Ерлер бар заманында дәурен сүрген,
Дұшпанды ерегіскен жалғыз бүрген» – деген сөзі де бар.

Сондай-ақ, батыр қартайған шағында:

«Дариға, ол заманның бәрі өтті,
Бір пәле, кәрілік келіп жетті.
Тіс түсіп, тырнақ мұқап,
Әл кеткен соң,
Сорыма мұның бәрі еріп жетті», – деп жырлайды.

Әрі батыр, әрі ақын Жидебай бірде асқан шешен Қарамендеден:

– Уа, шешен, жетімдер қандай-қандай болады? – деп сұрайды.

Сонда Қараменде:

– Елі көшсе – бел жетім,
Үйрек, қазсыз – көл жетім.
Жоқтаусыз кетсе – қыз жетім,
Жасы жеткен қарт жетім,
Парықсыз болса – сөз жетім, – деп жауап беріпті.

Жидекең батыр туралы Әбдікәрім Жүнісұлының аузынан жазып алған мына бір естелік те қызықты. Қарақожа деген тілі өткір, көріпкел адам болса керек. Бірде ол қамалды бұзып кірсе, бір адамның дауысы құлағына саңқ ете қалады. Қатты сасып қалған Қарақожа: «Еш жау ала алмаған қамалды сен алған екенсің ғой. Жидебай, мені де көріп қалдың ба, көзің шыққыр», – деген екен. Жидебай батыр сол жерде әлгіні ұстаттырып алып, тілін кестіріп жібереді. Қарақожаның тілінің ортасында қара қалы бар екен. Қартая келе Жидекеңнің көзі көрмей қалыпты. Содан:

«Көзімнің мәйіп болғаны – Қарақожаның қарғысы,
Жасымның жүзге жеткені – мұсылман қауымның алғысы»

– деген екен Жидекең. Жоғарыда сөз болған қамал қазіргі Талдықорған облысының Талғар қаласының Алтай тауы маңында болған. Оны жергілікті тұрғындар Жидебай асуы деп атайтын көрінеді. Мен ол жерді 1963 жылы Әлкей Марғұланмен бірге еріп жүріп, көргенім бар.

Жидебай батыр Үмбетай жыраудың батырлар жырын еске түсіріп, оның ерліктерін жиі айтады екен.

Әділ билік қылысқан,
Әруағына болысқан.
Керейде батыр Жәнібек,
Қаз дауысты Қазыбек,
Қу дауысты Құттыбай,
Қанжығалы Бөгенбай.
Абылай, сенің тұсыңда
Сол бесеуі болыпты-ай.
Кейі батыр, кейі би,
Тәңірім берген сондай сый.

Кесек тұлғасы мен ақылы-ай. Ақылы асқан тапқырлығы арқасында аты жалпақ елге мәшһүр болған әруақты бабамыз Жидебай Қожаназарұлының есімін бүгінгі ұрпақтары да ұмытпақ емес. Жидекеңнің мазары қазіргі Шет ауданындағы Ақсу-Аюлы поселкесі орталығынан 12 шақырым жерде, Талды өзенінің бойында тұр. Шапқыншылық тұсында ақтық сапарға аттанып бара жатқан Жидекеңнен замандастары: «Сізді қайда жерлейміз?» – деп сұраса керек. Сонда Жидекең: «Машырaптың бейітіне қойыңдар», – дейді. «Сіз атаусыз қаласыз ғой» деп қиналғандарға: «Жидебай барған соң, Машырап-шашырап артын қысар» депті. Расында да, қазір сол бейіт тұрған жер Жидебай атымен аталады. Бізге жеткен деректер бойынша Жидекең қазір 273 жасқа толып отыр. Ол кісі туралы деректі тарихи материалдар әлі де көп. Софы Сматаевтың «Елім-ай» романында Жидекеңнің өмір жолдары жақсы жазылған.

**А.Мұсатайұлы,**
**Қазақ тарихы және мәдени ескерткіштер қоғамының құрметті мүшесі.**

**Мақала газет архивінен алынды.**

## *Күзгі этюд*



## Еске алу



Руы – Албан-Аламан, біріне аға, біріне ата, адал жар, әулетіміздің тірегі, алтын бәйтерегі болған ардақты әке **Өміржанұлы Уалидің** ортамыздан мәңгілік келмеске аттанып кеткеніне қырық күн толып отыр. Барған сайын жадыраған жүзіңмен қарсы алушы едің, ол күндер енді оралмастай болды. Жарқыраған жүзің көз алдымызда мәңгілікке сақталып қала береді. Әр басқан жолдарыңызға қарап, сағынышпен еске аламыз. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта болсын дейміз. Пайғамбардан шапағат болсын, иманыңыз өзіңізге жолдас болып, нұрыңыз пейіште шалқысын деп әруағыңызға дұға бағыштаймыз.

Алланың нұры құйылсын,
Пейіштен орын бұйырсын.
Нұр бейнең кетпес жүректен,
Біз үшін мәңгі тірісің!

**Сағына еске алушылар: жұбайы – Света, балалары, жиендері.**

**Әкеміздің қырық күндік асы 2022 жылдың 4 қарашасында сағат 11.00-ден бастап Сарытерек ауылындағы «Той-думан» дәмханасында беріледі. Асқа барша ағайын-туыс, құда-жекжат, жолдас-жораларды, сыйластарымызды шақырамыз.**

## Еске алу



Ақтоғай ауылының тұрғыны, аяулы жар, асыл ана, ұлағатты ұстаз, қимас дос **Ағдарбекқызы Ардагүлді** сұм ажал ортамыздан алып кеткеніне 1 жылдың жүзі болды. Саналы ғұмырын ұстаздық жолға арнаған әріптесімізбен өткен әрбір сәтіміз қол жетпес қазынаға айналып қала берді. Жалған дүние-ай! Өткен күннен алыс жоқ деген осы екен-ау. Бүгін әріптесіміз Ардагүл апай тірі болғанда 53 жасқа толар еді. Амал қанша, Алланың жіберген ажал жебесі осылайша ұжымымызды қайғыға көмсе де, тәңірдің жазғанына қарсы тұра алмаймыз.

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп хакім Абай айтпақшы, Ардагүл Ағдарбекқызының әрбір ісі мен еңбегін бағалап, ұлағатты ұстаз, адамгершілігі мол адам ретінде жарқын естелік біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Аяулы әріптес, жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа болсын! Иманыңыз жолдас болсын!

Ғайып болдың өмірден қас-қағымда,
Сыйлы едің ағайынға, достарыңа.
Нұрлы жүзің өшпейді көкіректен,
Сыр көп еді сезімнің астарында.

**Еске алушылар: Ә.Бөкейхан атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері.**

Аудандық «Aqtogai ajary» газеті редакциясының ұжымы мен газет ардагерлері зейнеткер Бақыт Бакироваға қызы **Анардың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# Бабам мұрасы елімен қауышты

Иә, өткен ғасырдан бүгінге дейін есімі еленбей, жырлары кейінге жетпей келген бабамыздың асыл мұрасымен қайта қауышқан күн туды. Кер заманда туса да келер ұрпақтың еншісіне үлгі болар құнды шығармаларды дүниеге әкелген Арқаның Аксорандай киелі топырағында 1860 жылы дүниеге келіп, 1933 жылы қайтыс болған Нұржан Шоңұлының қадымша жазылған өлеңдерінің қолжазбасы табылып, ол жеке жинақ болып баспадан шықты. Орта шаруа отбасында дүниеге келген Нұржан Шоңұлы өз заманының жыршысы, сонымен қатар діни ортада да орны бар ақын болған. Жыр-толғау, дастандары арқылы сол заманда есімі елге кеңінен танылған бабамыз жасынан молданың алдынан хат танып, кейінде Қарқаралыда білімін жетілдіреді.

Жалпы, Нұржан ақынның шығармалары жарыққа шықпаған. Суырып салма, ел ішіндегі теңсіздіктерді жырға қосқан, Октябрь революциясы орнағанда кедей мен жарлының күні туды деп, оны да мадақтаған. Өзімен қатар жүрген атақты билердің бірі – Алшынбек Тоқтарұлымен достығы жарасып, кезінде үш мерзімге сайланған би де болған.

Ал, бабамыздың жыр-дастандарын жинақтаған атам, он баласының бірі Біләл Нұржанұлы оларды кезінде жақын ағайынымыз, Қызыларайда мұғалім болған Сейтқазы Әбдіразақовтың қолына тапсырған екен. Ол кісі өткен ғасырдың 60-70 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының қолжазба қорына біраз өлеңдерін жинақтап тапсырғанымен, көпке дейін бұл қолжазбалар табылмапты. Менің әкем Ғани бастаған ұрпақтары іздеу салғанымен, табыла қоймаған. Тек 2017 жылы Қарағандыдағы «Тенгри» баспасынан шыққан «Аманат» кітабына ғана біраз өлеңдері кіргізіліп, топтастырылды.

Айта кету керек, бабамыздың таптырмай кеткен өлең-жырлары араб тілінде, яғни қадымша жазылған. 500 беттік араб тіліндегі қолжазбасы Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы институт қорында сақталып келіпті.Алғаш «Аманат» кітабына бабамыздың діни жырларын аударып, дайындаған Шабанбай би ауылының имамы Айдаржан Балтабайұлы Қасенов болатын. Осы іске белсене кіріскен Айдаржан Қасенов, енді міне, бабамыздың табылған қолжазбасын араб тілінен аударып, кириллицаға түсірген еді. 2021 жылы қолға тиген Нұржан Шоңұлының шығармалары жинақталған жинақты «Мирас» деген атпен жаз айында «Тенгри» баспасынан Айдаржан мен ақын Серік Сағынтай шығарып берді. Жинақтың жарыққа шығуына Нұржан Шоңұлының бүгінгі ұрпақтары қолдау көрсеттік.

Тақауда Қарағандыдағы облыстық Гоголь атындағы кітапханада Нұржан Шоңұлының «Мирас» деген атпен шыққан жинағының тұсаукесер рәсімі болып өтті. Оған Нұржан ақынның ұрпақтары, зиялы қауым өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Тұсаукесер рәсімінің беташар шарасын ақын Серік Сағынтай ашып, жаңа жинақтың тарихына тоқталды. Будан соң ол сөз кезегін Нұржан ақын өлеңдерін араб тілінен аударып, ұсынған Айдаржан Балтабайұлына берді. Айдаржан Қасенов жалпы Нұржан ақын шығармаларының мазмұны, оның бүгінгі кезеңге дейін халқымен қауышуында кедергілер мен түрлі қиындықтарға тап болуы туралы ойларын ортаға салды.




Сондай-ақ, тұсаукесер шарасында Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, өлкетанушы Қайырбек Сәдуақасов, жазушы Сүйіндік Жанысбай, Нұржан ақын ұрпағы Бағдат Біләлов ақын туралы естеліктермен бөлісті.



Кітапхананың «Жыр жауһар» шығармашылық бірлестігінің мүшелері ақын өлеңдерін оқыды. Ақынның тағы бір ұрпақтары, әйгілі әнші Мейірхан Адамбековтің ұлы Алданыш Мейірханұлы әкесі орындайтын «Шайтанкөл» әнін орындаса, Нұржан Мақсатұлы күй тартты.

Ақын кітабының тұсаукесер лентасын Айдаржан Қасенов пен Қайырбек Сәдуақасов қиды. Жинақ кітаптың бес данасы кітапханаға тарту етілді.

Келген қонақтар мен Нұржан ақын ұрпақтары ескерткіш суретке түсті.

Сонымен бірге «Түркістан» мейрамханасында Нұржан Шоңұлының рухына бағышталған Құран оқылып, ас берілді. Ақын, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақсұңқарұлы бастаған қонақтар естеліктерімен бөлісіп, Нұржан ақын мұраларының алдағы уақытта кеңінен насихатталуын, Нұржан оқуларын ұйымдастыру шараларын қолға алу мәселелерін қозғады.

Бабамыздың бұл құнды мұрасы сөз жоқ, кейінгі ұрпақтары бізге үлкен аманат. Жоғалғанымыз табылып, өшкеніміз жанып, есімі ескерусіз қалмай, қайта оралып жатқанын Алланың бізге ұсынған тартуы деп қабылдадық.

**Сәбила Ғаниқызы Нұржанова,**
**Нұржан Шоңұлының ұрпағы.**

## Құттықтаймыз!



Құрметті құрдасымыз
**Күземханов Бейбіт Кәукербекұлы!**

Сені асқаралы 60 жасқа келген мерейлі мерекеңмен шын жүректен құттықтаймыз! Өміріңнің елеулі шағын, саналы ғұмырыңды өмірлік жолдасың Бақытгүлмен және Алла берген ұрпақтарыңды өсіріп-өндіріп, құда-құдағи, туған-туыс, дос-жарандарыңның ыстық ықыласына бөленіп жүре беруіңе өмір мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

**Тілек білдірушілер: Сәулебай-Гүлнар, Асхат-Айсұлу, Рымкүл, Сағат-Панар, Мәнай-Зәмзагүл, Сарқыт, Мақат-Күләш, Зайкүл, Өрік, Берікбол-Саягүл, Саят-Гаухар, Мейіркүл, Құдыш-Бибігүл, Айман, Әлия, Ақмарал-Аман.**



Ата-анасының ардақты
ұлы, бауырларының
қамқоршысы **Марат Маденияттұлы!**

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы азамат, аға ретінде жақсы көреміз.

Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Әр уақытта ақжарқын адал көңілмен, бауырмалдық қасиетіңізбен туған-туыс, дос-жаранның арасында абырой-құрметке бөленіп жүре беріңіз. Қосағыңызбен қоса ағарып, шаңырағыңыздан шаттық кетпесін.

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

**Ақ тілекпен: ата-анасы, туғандары.**



Бірімізге аға, бірімізге әке **Күземханов Бейбіт Кәукербекұлын** 60 жасқа толған торқалы тойымен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, денiңіздің саулығын, отбасының амандығын, қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз. Өсіп-өнген, ұрпақ тәрбиелеген, құда-құдағиларың мен дос-жарандарыңның ыстық ықыласына бөленген өзіңізге тек жақсылықтар, қуаныштар мен бақытты ғұмыр тілейміз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.
Ізгілікті нұрын шашар маңайға,
Адамсыз ғой үлгі болар талайға.
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,
Ұмытпайды туған-туыс қалайда!

**Тілек білдірушілер: бауырларыңыз – Сағыдат-Айдынгүл, балаларыңыз – Нұржан-Айнұр, Гүлден, немерелеріңіз – Әділ, Айару, Аяжан.**

**Құрылтайшы:** ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА
**Редактор:** Г.ЕЛЕУСИЗОВА
**Меншік иесі:** ''Ақтоғай ажары''газеті редакциясы ЖШС
**Тіркеу куәлігі:** №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)
Газет аптасына 1 рет шығады

*Жауапты хатшы: Думан Қабыл*
*Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан*
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй
Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 850 дана

**Мекен-жайымыз:** 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.
**Телефондар:** редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39





Электрондық пошта aktogai_red @ mail.ru
Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.